

*Мухамеджан*

**КАРАТЛЕН**

**ТУҒАН**

**ӘДЕБИЕТ**

**ТУРАЛЫ**

**ОЙЛАР**





*Мұхамеджан*  
**ҚАРАТАЕВ**

ТУҒАН

ӘДЕБИЕТ

ТУРАЛЫ

ОЙЛАР

*Мақалалар жинағы*

*Қазақтың Мемлекеттік  
Көркем Әдебиет Баспасы*

АЛМАТЫ - 1958

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ 00104353

## «ҚЫЗЫЛ АТ» ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК РЕАЛИЗМ

Кейінгі жылдары әдебиетіміз көп жана шығармаға ие болды. Олардың ішінде «Қызыл ат» дастанындай көбірек сөз болып, көбірек талқыға түскені болған жоқ. Осыған карағанда да дастанда кісі қызығарлық, назар тартарлық бір қасиет барлығы сезілді. Ол қандай қасиет? «Қызыл атта» жұрттың назарын аударарлықтай қандай сүйсінетін жай бар?

Жоқ, әлде ат тонды ала кашқандай әлемі болғандықтан ба? «Қызыл атты» сынаған кісі жұрт айтқанына нана бермегенмен, құлақ қойып осы жағын ескермей өте алар ма? Әрине, өте алмайды. Өйткені «Қызыл атта» өзінше сыр бар. Сол сырды ашқанда ғана «Қызыл аттың» шын беті ашылып, нақты бағасы берілмек.

«Қызыл ат» маңындағы сынлы әдебиеттің жалпы ағымынан жырып алмай, қазақ әдебиетінің кешегісіне қайырыла қарап болашағын нысана етіп алсақ, игі іске қолғабыс еткен боламыз. Себебі «Қызыл ат» қазақ совет әдебиетіндегі кейінгі бір басты жаңалық. Оны жаңалық ететін де әдебиетіміздің сол өткені мен ертеңгі болашағы.

Қазақстан басшылығының өткен екі-үш жыл бойындағы ауыл шаруашылығында, ұлт мәдениетінде жіберген кейбір қателіктері әдебиет шығармаларына да салқынын тигізгені кепке мәлім. Алайда, осы уақытқа дейін әдебиет тұлғасына жабысқан, бұдан былай әдебиеттің сапа жағынан өсуіне бөгет боп отырған қате-кемшіліктерден ажыратарлықтай тұжырымды сын болған жоқ. Со-

ның салдарынан, әдетке айналған жаман дәстүрлер кәзіргі жаналығы бар шығармалардың өзінен әлі шұба-лаңдап қалмай келеді. Жақында қаралған Ғалым Малдыбаевтың «Малы» тағы басқа біраз шығармалар көз бояушылықтан, кұрғақ қиқудан әлі арылмағанымызды көрсетті.

«Қызыл ат» әлгі айтқандардан қол үзіп, соны тақырыпта, жаңа толғаумен жазылған шығарма. Өлкелік комитеттің бұрынғы басшылығы ауыл шаруашылығында, әсіресе мал өсіруде теріс саясат жүргізсе, жазушылардың әдебиетте малды мүлдем құбыжық санап кеткендері аз болған жоқ. Бұл әдебиеттегі басты кемістік еді.

Сәкеннің алып отырғаны «бай-құлақ, алдаушы белсенділер жайлаған бір колхоз», ондағы Қызыл ат.

«Қызыл аттың көтерем, мүгедек болуы, небір ат, айғырлардың көк таспа халге түсуі, зиянкес құлақ, алдауыш белсенділердің колхоз малын ішіп-жеп, баса көктеп кетуі және олар алдында аттың «лау» сияқты, (кедей шаруаның «лау» сияқты) жүруі — ескі басшылықтың қателіктерінен туған, Қазақстанда болған уақытша, ерекше жағдай болды. Мұндай хал мал өсірген, көшпелі, шала көшпелі аудандарда, көп ауылда болған.

Жаңа басшылық осы қиындықтарды жойып, қателіктерді жөндеп, колхозшыларды ауқатты ету үшін басты міндеттер қатарында, — мал өсіру, көктемгі егісті дұрыс өткізу, ат, түйе сықылды күш-көліктерін күтіп, іске жегу, ауылды жақсы білу және көпшілік жұмысы мен өзара сынға өріс беру, тағы сондай мәселелерді үлкен байлам етіп қойса, ол Қазақстан өмірінде тарихи естің басы еді.

Сәкен осы ерекше жағдайды, жаналықты адымды, байламды шарттарды кезінде көріп, мезгілінде түсініп, «Қызыл атта» соларды мал мәселесіне өзек етіп алды. Осыларды дастанда белгілі саламен суреттеп, басалқаты тақырып етіп алу арқасында әдебиеттегі дәмсіз рапортқа қарсы, шындықтың көлеңкесінде — ауырдың асты, жеңілдің үстімен қалқып кетушілікке қарсы бірінші рет бас көтерді, сүйтіп өмірге сүнгіп, шындыққа бойдай шомылып, таңдаулы тақырыбын тапты!

Ленин сылдыр сөзге үйір болу майда байшыл интеллигенциясының белгісі деп келіп «жұртшылыққа ащы горькая) растықты дәлдеп ашып айту керек» (Ленин.

XXII том, 509 бет.) деді. Бұл жерде құрғақ кикудан Сәкен арыла алды ма, жоқ па, шындықты дәлдеп, ашық көрсете білді ме, жоқ па, ол жағын сөз қылмай тұрып, алдымен осыларды акын дастанда каншалықты мақсат етіп қойғанын прологінен байқауға болады.

«Құрғақтау жазылыпты кенесін» деп  
Кей біреу білгішсіп кам жемесін деп,  
Сұлуым толғап сені суреттедім  
Күйімді «жалаң үгіт» демесін деп.

Мұнда, әрине, Сәкен «жалаң үгіттен», денесін аулақ салып, алып отырған тақырыбын «толғап» суреттеуге зейін салғандығын көреміз. Тақырып тілімен айтқанда, Сәкен «мінде шаптың» кебінен қашып:

«Құр жалаң айқайлама, желше жосып,  
Атыңды өксітпе тек борбайға осып.  
Баппенен егіске айда, маркау болмай  
Айналып, жем бер салып, қант қосып»,—

дейді.

Ал, шынында, Сәкен Қызыл аттың халімен, күйімен, санаспай, арқасынын жауыр болып, жау қолына душар болуына өткенде не себеп болғанын, қайткенде қонаятынын анықтамаса; Қызыл атқа таяу тұрып, жақсы біліп жазудың орынына сыртта жүріп, «ой-тәйрі ештеңе жоқ, жаяң жұп-жұмыр, құлпырып тұрсын, «егінге шық» деп кикү салса, одан ештеңе шықпас еді, онда дастанда да кісі тартпайтын, шындыққа жанаспайтын, идеясыз жел сөзден басқа ешнәрсе таппас ең. Сәкен олай етпеді. Қызыл атты біліп жазды, толғап жазды, ат тақырыбын, мал проблемасын дұрыс идеямен қоршады, тап күресін сол идеяның қолқасы етті.

Міне, бұл нақты шыншылдық «Қызыл ат» қасиетінің бір тармағы болып саналады.

Сәкеннің «Қызыл аттағы» үлкен өзгешелігі-ақ: «не болар екен», «тұрайық», деген мешандық қалыпта мойынын жиырып отырып қалмай, бұл мәселеге әдейі білек сыбанып кірісуі, қателіктерді көзі көріп, көкірегі сезсе де ашып айтуға большевиктік ерлік қуаты жетіспей келіп, жана басшылыққа құлағын түріп, жаналықты сілтеу күтіп, қанатын қомдап отырған көп оқушылар арасында «Қызыл ат» Мирзоян жолдастың сөздерінен кейінгі ке-

зенін, тақырыбын тапқан, жана басшылыққа ілесе өзара сынды көтере білген, жаңалықты көрініс боп шығуы. Сондықтан да «Қызыл ат» жұрт арасында шу көтеріп жіберді.

«Халімді білмедің, зиянкестер бүлдірді ғой» деп ауылдан шыққан «Қызыл аттың» жүдеу даусына:

«Мирзоян іс басында күндіз-түні,  
Қозғады еңбекші елді салған үні,  
Сұлуым, өкпенді ғой, көтеріл»—

деп бас ие келіп тұрмын мен де міне, деп акын «Мирзоян үніне» үн қосады, Қызыл атқа күш, қуат береді.

«Кей жерде жаудың өстіп қылығы асты.  
Сөйтсе де, жау сұмдығын партия ашты:  
Өзгерткен түсін, ісін жауды ку» деп  
Көсемі партияның ұран шашты...  
Парт бастық қыран көзін қадап отыр,  
Қунағым, шын қимылда егіске енді,  
Орғанда шат боларсың мол астықты.

Қызыл аттың шат болуына партия ұраны ұлы тірек екенін түсіндірген. Бұлай ету Сәкенге күш, бел болды, алдына қойған мәселені партиялық көзқараспен шешуге мүмкіндік жасады.

Тақырып — үлкен. Идея — терең. Тақырыптың әдебиетте соны, шаруашылық құрылысымызда күрделі буын болуы — акын алдына қиын міндеттер қойды. Оны жырлау үшін ынғайлы әдіс керек. Прозада айтуға болатынның бәрін бірдей поэзияда жеткізе қамту қиын, мүмкін емес. Сәкеннің «Қызыл атта» малдан басқа да, ауыл шаруашылығындағы малмен байланысты көп мәселелердің басын түйіп, шумақтап алып шешу үшін дастанда өзінің қатынасуы, атты сүйгендіктен Қызыл атпен қарама-қарсы сөйлесуі және алдындағы прологі біраз жеңілдік туғызған сықылды. Атты сөйлету — атқа діншілдік ұғыныс беру үшін керек болған жоқ. Бүйірден тұрып әңгіменің сыртын сипап өтпей, ой мен сезім арқылы сыр қозғап, қазақ аулында болған қателіктердің себебін және жаңалықты ұлы міндеттердің бетін ашу жолында қолайлы әдіс болған.

Бұл жерде Сәбит Мұқанов, Құлмырза Өтепов жолдастардың таяуда басылған сындары туралы бір-екі



ауыз сөз айта кетуді жөн көрдік. Ондағы мақсатымыз дастанның жетіскен, ойсыраған жерін көрсетуден бұрын, сынның сарынының өзін дұрыс бағытқа бейімдеу, өйткені сыншы шығарманың образын өзі жете түсінбесе, ол сынның теріс болуында сөз жоқ. Өтепов жолдас Қызыл ат — ат емес, ауыл кедейі дейді. Мұқанов шын белсенді дейді. Былайша қарағанда болса болар, ауыл кедейі мен шын белсенділердің басынан қиындықтар кешіргені рас қой дейсің. Анығында олай қарау шығарманың шындық тұрғысына деген нақты пікірден тысқары. Әншейін жорамал сын болып шығады. Рас, ат басында болған жүдеулік ауылдағы кедей шаруа мен шын белсенділерде де болды. Үшеуінің бірдей жүдеуінің себептері сабақтас екені де рас.

Мал санының кемуі ауылда жалған белсенділер шығып, қиындықтар тууы, байлардың зиянкестік ісін жүргізуі — осылардың қайсысы болса да шаруаларға оңай тиген жоқ. Бірақ оларды шатастыру сынның объективни тарихшылдығын жояды. Себебі ат пен ауыл кедейлерінің басынан өткен қиындықтарды белгілі бір кезеңде ғана ұқсата аламыз. Әйтпесе ауыл кедейінің образы өне бойы атқа сыя бере ме? Екеуінің өмірлік рол де, тарихи ролі де өз жолымен емес пе. Сәкен Қызыл аттың зиянкестер қолына түспей тұрған күндерде қонды күйлі болғанын еске түсірді. Бұл жерде аттың күйлі кезін еске түсіруінен кедейдің өткен күнін көксеу деген ұғым дұрыс емес, арасында жер мен көктей айырма бар. Міне, атты ауыл кедейіне, немесе белсендіге отастырмау керек дейтініміз осыдан.

Түс жорығандай атты анаған бір, мынаған бір жорып, қиғаш қиялдың даласына «бошалап» кетудің орнына аттың нақты образын ақын қалай бере алғанын, аймағындағы тап күресін қалай көрсеткенін қадағалап, қортынды шығарсақ, сын одан қанша ақсар еді.

Жорудың аяғы неге соқты? Біреу белсенді, біреу кедей деді. Біреулер тағы бірдене дер: Ал, мұндай сағын куудан не шықпақ? Әркім өз бетінше лағу шығарады. Бас неге құлақ емес, әйтпесе бас неге бас екенін дәлел деп жатудың қажеті жоқ. Ол аксиома. Тек біздің қауыптанатынымыз біреу тұрып біздің сыншы жолдасқа ал Қызыл ат жұмбақ болсын (Сәкеннің Мағжан сықылды жұмбақ айтуына таптық-әлеуметтік жағдай болмаса да) ат емес, ауыл кедейі бола-ақ қойсын, сонда «әулие»

болсаң «жүйрік сұлу кара айғырдың» кім екенін, сары айғыр, сұр жорға ат, сүтті мама боз биенін кім екенін табыңыз десе, не баксы болмай, не дұрыс сын бере алмай, ынғайсыздықта қалмас па еді.

Ендеше сыншының Қызыл атқа: «сен ат емессің, кедейсің, басқаларың қайда, неге жалғызсың; колхозшың кім сенің, жекешен кім, саналың қайсы, санасызың қайсы деп жатып тұрып тықсырып, таба алмаған соң; ақынға: Қызыл атың «абстрактный», бұрын Қызыл ат күйлі, жалды еді дегенің кедейдің өткен феодал, бай қолындағы күнін көксегеннің, кері тартпасың!— деп қиянат іздеуі — әлгі «әулиеліктің» әлегі.

Әрине, бұдан «Қызыл ат» дастанындағы бар катемшіліктер ақтала алмайды. Мұны тек шығарманың идеялық желісіне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жанылыс жалалардан араша деп түсіну керек. «Қызыл аттың» кемшіліктері бойында, оны жұрт алдына жаюынның міндеті.

«Қызыл ат» қазақ совет әдебиетінде айта қаларлықтай жаналық деу үшін тақырыбының қолайлы, мазмұнды болуы жеткіліксіз. Шындық бар да, шындықты дұрыс танып, дұрыс көрсету бар. Шындықты зерттеудің өзі шын болу керек деп, үйретеді бізді ұлы Маркс.

«Қызыл аттың» зерттеу желісі осы айтқандай ма? Дастанның объектісі ауыл шаруашылығы. Ауыл шаруашылығын ақынның қалай суреттегенін ашу үшін алдымен партия көзқарасымен танысайық. Өйткені пролетариат дүние тануында партиялық пен объективтік көзқарас біріне бірі қайшы емес, екеуі бір бүтін болып қиысып келсе ғана шындықтың нағыз келбеті дұрыс танылмақ.

Өлкелік комитеттің VI пленумы бірінші бесжылдықта Қазақстан едәуір табыстарға жеткенін, ірі өндіріс орындары құрылғанын, темір жолдар салынғанын және егіс көлемінің көбейіп, бірнеше жүз ірі совхоздар құрылып, колхоздар, ауыл шаруашылығында басым орын алғанын — ауылдағы ірі әлеуметтік өзгерістерді көрсетіп келіп, ескі басшылықтың қателерінен, ауылда көпшілік — түсінік жұмысының жоқтығынан ауылдың нақты халін, ерекшелігін білмегендіктен, өзара сын болмағандықтан, партия ұйымында тап қырағылығы көмескіленіп, тап дұшпанымен күрестің нашарлағанын толып жатқан

жалған белсенділер — байдың кісілері шығып, «Қазақстан мал шаруашылығында үлкен ойсырау туды» дейді.

Дастанға сөз берейік.

Алдаушы белсенділер бізді құртты,  
Бұл қалай десең боктап, шайнады ұртты.  
Оларды бай-құлақтар айдап салып,  
Ақыры күйзелтті иттер талай жұртты.

Сүйтіп жүргенде:

«Мені де тым болмаса есіңе алып,  
Күш беріп, кеп жүрмедің көзің салып.  
Жолдасым ұмытқан жоқ демедің сен  
Қиналып жүргенде мең өліп-талып,—

дейді. Қызыл ат күш беріп, есіңе алып жүрмедің дейді. Оны ақын мойнына алады.

Бұл Қызыл аттың колхозында болған шындық. Мұны көрсету теріс емес. Мұнда ақын ғана емес, өлкелік комитеттің ескі басшылығы да колхоздың нақты халын білмегендігі дұрыс айтылған. Бірақ, Сәкен осы сарынмен кете берсе, «Қызыл атпен» бірге жылап: «енді сенен ештеңе шықпайды деп бітірсе», «Қызыл аттың» Мағжанның ескілікті көксеген көз жасынан еш айырмасы болмас еді. Мал шаруашылығында болған ойсырау социалистік шындықтың тұлғасы емес. Ол социалистік жүйенің жемісі емес, жеке қателіктен, терістіктен болған ойсырау,— кешегі кетік жер, ол бүгін толығымен шарасынан асып та кетеді. Қазақ ауылының бүгінгісі мен болашағын салыстырғанда ол дариядай табыстың тамшыдай кемістігі. «Нәрсемен бірге оның зерттеу әдісі де өзгермей ме, жарқын күліп тұрса ол байыпты болуы керек, нәрсе жұпынсыз болып тұрғанда ол жұпынды болу керек». (Маркс, М. Ф. жинағы 1928 жыл, 113-бет).

Социализм сатысына өрмелеген ұлы топты көрмей, болашақтан үмітін үзіп, қиындықты ғана көрсе, қиындықты артқа салып, большевиктік егіске шыққан Қызыл атты аузына алмаса, ондай шығарма социалистік реализм әдісімен, партия көзқарасымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, ескілікті кертартпа таптардың санасын жырлаған шығарма болар еді. Сәкен «Қызыл атта» осы екі саланың қайсысымен кетті, қай әдісті қолданды деген сұрауға жауап беруді алдымен Құлмырза Өтепов жолдастың сынынан бастайық. Сыншы Сәкеннің батпандай бармақпен басып тұра алмастай жетістіктерін көр-



сеткен кемпіліктерінің дұрыс екендігін айтқан болып келіп, ақырында соның бәрін жоққа шығарады.

Мүмкін, Құлмырза жолдас Сәкеннің қайшылықтарын алып сынағысы келген шығар. Ол жақсы талап, бірақ әңгіме «Қызыл ат» қайшылықтарын қалай көрсетуде ғой.

Құлмырза жолдас сынның жуан ортасына дейін Сәкен колхозда болған қиындықты, оның себептерін дұрыс көрсетті дей отырып, қорытар жерінде большевиктік колхоздарды, өндірістерді көрмеді деп кінәлайды. «Қазақстан ауылын жалпылай қараңғы қылып суреттеді, шындықты көрмей теріске лақты» дейді. Сөйтіп, «Сәкен өткенді мақтап, көтермелеп, бүгінді жамандап суреттеген. Бұл өткенді көксеу болады» дейді.

Сонда Сәкенде жетіскен не қалды? Сәкен колхоздың жүдеп, жадауын, өткенді көксеу үшін алса, кемістікті толықтыруды мақсат етпесе, оның қиындықты теруінен не пайда? Олай болғанда «Қызыл ат» жаңалық емес, көз бояп, кейінге серпкен ескішілдік шалғы болып шықпай ма?

Мұның шешуін тағы дастанға салайық:

Жасады неше түрлі машинаны,  
Талқан боп копарылды жердің кені.  
Салынды бетпақ шөлге темір жолдар,  
Женілді қиыры жоқ жердің сені.  
Отарба, аэроплан, тракторды  
Жыр қылдым ұялтсаң да көптен мені.

VI пленум көрсеткен темір жол, кендер «Қызыл ата» да ашық көрсетілген ғой. Өндіріс табыстары осыдан артық қалай айтылушы еді.

Көп колхоз тап жауына берілмеген,  
Жұмыла іс істеуден ерінбеген.  
Сендердей кей колхозды басқарғандар  
Зиянкес тап дұшпаннан жерінбеген.  
Көп колхоз дұшпанға әсер еткізбеген,  
Малының маңдайына шерткізбеген...

Бұл не? Бұл VI пленум айтқан ауылдағы басым орын алған, көп колхоз емес пе? Бұл тап жауына берілмеген, малының маңдайына шерткізбеген, большевиктік колхоздар бар екенін көрсеткені емес пе! Қызыл ат колхозы «зиянкес тап дұшпанынан жерінбеудің» салдарынан жүдеушілікке ұшыраған, кей колхоздың бірі екенін соқырға таяқ ұстатқандай айтқаны емес пе? Талдап айтқан. «Көрмес түйені де көрместін» кебіне түсіп, әдейі көргісі келмеген сыншы болмаса, ашық-ақ сықылды.

## Қызыл атты ақынға дастанның өттер жерінде:

Сөздерің өнімді шын желіктірді,  
Жарысқа егісшіні еліктірді.  
Ұранын үкіметтің күйге қосып,  
Жүгірттің тал бойыма электрді.  
Әрине, сөзіне енді түгел нанам,  
Жарқырап күнше ашылды көңіл-санам.  
Тек көрсем күйлі аттарын күшті ауылдың,  
Намыс қып, ішім күйіп назаланам.  
Солардай біз де күйлі болмас па едік.  
Жауға жол бермес ек деп ызаланам.  
Тезірек жау қастығын көрмеді деп  
Ыза боп, кейде әшейін күйіп-жанам,—

деп жауап қайыруы Қызыл ат колхозының айырықша жүдеу болуы — тезірек жау қастығын көрмей кетуден болғанын Қызыл ат жақсы түсінеді. «Күшті ауылдың» күйлі аттарындай ірі қуатпен егіске Қызыл аттың жан-тәнін салып кірісуі ақынның қиындық алдында бас иіп тұрмай, мәселені жұпыны шындық желісімен партиялық тұрғыда дұрыс шешіп, сынға алғандығын дәлелдейді. Ендеше дастанның бойындағы қайшылықтарды дұрыс көрсетіп, ақынға жолдастық көмек көрсетуді былай қойып, жоқ жерде ескішілдік тауып ала қою — сынның мойнына артылған парыз емес, парызды өтеу үшін қалай да ескілік іздеу міндет емес. Мещан сынаушының өнері «Ура», «Қарауыл» деп айқай салатын жер қарастыру болып келеді.

Мұндағы мақсат, қай-қайсымыз болғанда да, осындай салттан қашуымыз қажет дегенді айту.

Салт-сана тармақтарының қайсысын алсақ та терең мазмұнсыз өршіп, өсе алмайды. Оған дүние империализмінің ішінен жидіп, құдайшылдықтың, қиялшылдықтың торына шырмалып, сикын жоғалтқан сұмырай әдебиеті дәлел. Әлеумет шындығына етене араласып, шығармада шындықтың терең, нағыз революцияшыл мағнасымен өмірдегі қиындық, кемістіктерді түйреп көрсетіп, жеңуге шақыру, осыларды санада ашып, айнадай жарқыратып көрсету (Ленин), пролетариат әдебиетінің салты. Бұл мазмұнды өзіне сәйкес адам баласының қолы жетіп көрмеген көркем образымен қоршау — дүниені революция жолымен қайта құрып жатқан пролетариат бағытындағы совет жазушысының ғана қолынан келеді. Көркем өнердің бүгінгісі мен болашағы пролетариат:

колында. Сондықтан да социалистік реализм әдісі басқа таптың түсіне де кіріп шыкпайды.

Енді біз сынымызда совет шығармасының әлеуметті бағытын білгіміз келсе, әдебиетті әдебиет ететін өзгешеліктер (көркем образдар) мен шығарманың саяси бағытын бір түйдек етіп алмайынша, екеуін екі ашаның басына қойып шешу қиын; идеясыз образ жоқ, образсыз идея әдебиет емес. Идея мен образдың арасын дұрыс тану керек.

«Қызыл атта» Сәкеннің идеясы қайсы, образы қандай, «Қызыл аттың» әлеуметтік бағасы неге тіреледі? Дастанда бір образ «Қызыл ат» бір образ акын. Сәкен бір мәселені шешкісі келсе, не атқа, не акынға сөйлетіп барып, көбінесе акын сөзі арқылы өз көзқарасын белгілейді. Сөйтіп, шығармадағы шын-шытырқай образдардың арасында акын көзқарасының арқауын табу қажет. Мысалы Қызыл ат акынға сырласу ретінде мынадай кіналар қояды:

Үкімет әлде бізді көрме деп пе ед,  
Саған тек көкке заула, өрле деп пе ед.  
Алдауыш белсендіге ерік беріп:  
«Малды құрт, тез титықтат, жерле!» деп пе ед?

Қуларға, совет бізді «жалма» деп пе ед,  
Аузына Қызыл атты алма деп пе ед?  
Саған тек тракторды айт, көкке заула,  
Ат шіркін ауызға алар мал ма деп пе ед?

Әрине, бұлар мақсатсыз айтылған сөздер болмау керек. Сәкен бір мәселенің басын қозғағысы келген сықылды. Ал, енді осы сұрақтарға акынның қалай қарайтынын сұрақтың жалғыз өзімен анықтауға келмейді. Оны ашу үшін «Қызыл атқа сұрақтар қойғызғандағы акынның мақсаты не? Ол мақсатын қалай шешті. Акынға бұлай алу не үшін керек болды?» Міне дастаннан осы сұрақтардың жауабын алу керек. «Үкімет әлде бізді көрме деп пе ед» деген сұрауға:

Үкімет малды ешкімге құрт демеді,  
Күйзелсін еңбек қылған жұрт демеді.  
Сендердей колхоз малын жау боп құртқан  
Сұмдарға өтірік айтып қырт демеді.

«Саған тек тракторды айт, көкке заула деп пе ед» деген сұрауға:

Отарба, аэроплан, тракторды  
Жыр қылдым ұялтсаң да кекеп мені.



Бірақ та кешілмейтін ауыр күнам...  
Бақылап жүре алмадым досым сені,—

деп жауап береді. Анау — сұрауы, мынау — жауабы. Сүйтіп, Сәкеннің сұрау қоюдағы, ақынға кінә тағудағы мақсаты, бірінші жағынан, мал шаруашылығының ойсырауына үкіметтің, партияның жалпы жолы Орталық Комитеттің кінәлі емес Қазақстан көлеміндегі ескі басылықтан бастап, ақынның және сол сықылды жеке коммунистердің бақылап жүре алмауы ауыл шаруашылығының халін нақты білмей, сырттан кетуі кінәлі екенін түсіндіргісі келеді; екінші жағынан, аэропланды, отарба, тракторды жырлаудың да қажет болғанын, оларды жырлауға жағдай туғанын ескертеді. Бірақ, мал шаруашылығына назардың бәсеңдеуіне аэроплан, отарба кінәлі емес, машинаны жырлаумен бірге Қызыл атты жырламаған ақынның кешірілмейтін ауыр кінәсі екенін ұғындырады. Өйткені, индустрияға бет бұрған жағдай атты (малды), жалпы ауыл шаруашылығын түкке керексіз етіп тастаған жоқ, мұратқа жету жолында машина да, ат та, егіс те керек еді.

Көкке ұшпай асқар таудан өту қиын,  
Отарба, автомобиль, тракторсыз  
Мұратқа алыстағы жету қиын,  
Бұл жолда ас та керек, ат та керек,  
Тағы да неше түрлі зат та керек.  
Өндіре егін салу, әсіресе,  
Бұл тіпті зор мәселе тұрған ерек...

Қызыл аттың арқасын жауыр қылған, колхоздың басқа да тағалы тайын қалдырмай жеп құртқан үкімет те емес, индустрия да емес, ақын да емес, — ол:

Өзгерткен боямалап дұшпан түсін,  
Өзгерткен күресі мен әдіс ісін.  
«Жау қайда» деген үнге үн қосқан боп,  
Қасқырша салған малға қанды тісін.

Міне, ақынның мақсаты деп, идеясы деп осыны тады. Біздіңше мұнда машина мен атты қарсы қоюшылық жоқ, қайта Троцкийдің индустрия мен ауыл шаруашылығын қайшы қойғысы келген дұшпандық теориясына әдейі қарсы шығады. Партия жолының дұрыстығын дәлелдейді. Қызыл аттың машинаға қарсы емеспін деген сөзін көрместен, әңгіменің жүйесін тағы түсінбестен Сәкен машина мен ауыл шаруашылығын қайшы қойды

цияшыл жазушысына дүниені қайта құрудағы қиындықтарды, дұшпан элементтердің ісін көрмеуге, танымауға бейімдеушілік бар. Міне, осы теорияның тәжірибесі «Қызыл ат» сынында да көрінеді.

Машина мен ауыл шаруашылығына деген ақын көзқарасын көрмей, қызыл ат сөздеріне қарап бұл ақынның теориясы деу, сол субъектіні (жазушыны), объектіге (образға) шатастырудан шыққан қателіктер.

Әлгі айтылғандардан «Қызыл ат» нағыз социалистік реализм шығармасы деген ой шықпайды. Олар тек социалистік реализм әдісіне бірден-бір қажет, жазушының идеялық түсінігінде ойсыраған қате жоқ екенін ғана дәлелдейді. Сәкен шындықты тұтас күйінде дұрыс түсінгенмен, терең тақырыпты жалаң және жалпақ суреттеп, құлаштап қармап қана өткен. Өмірдің белдеулі оқиғасын түбірлеп көрсету жағын ақсатынқырап алған. Өмір жетегінде күрескен, белдескен тап кісілерінің айырықша кейпін, ісін, мінез-құлқын айқын образды атаулы кісілерден білу қиын. Бай-құлақ өтірік белсенді, ауыл кедейі деп сырттан айтқан жалпылама түсінікті аттың аузынан ғана естисің. Жалпының мағынасын жалқымен, жанды жеке кісілер арқылы көрсетпеген соң, оқушының ойын бөліп, сезімін қозғарлықтай жері жетімсіз екені байқалып тұрады. Сондықтан дастанның көп жері баяндама сықылданып, өзінен өзі шындық бетінде қалқынқырап кеткен. Сондықтан да ауылдағы таптық күштің тарихи тұлғасы көмескі болып қалған. Бұл «Қызыл аттың» әдісіндегі үлкен кемістік — шығарманы нақты идеяға құрып, нақты адам образдарын жасамағандықтан барып ескі басшылық пен жалған белсенділердің жер мен көктей арасы нақтап ашылмаған. Ақын «Қызыл ат алдына ескі басшылыққа барабар біраз қателерді мойнына алады, сөйте келіп, сендерде кәрі райком әлі бар болса, үкіметке өтірік цифр бересің ғой деп Қызыл ат кекетсе, ақын одан өз басын арашалауға әрекет жасайды. Ат жалғаншысың десе ақын ыршып түседі, мұнда Сәкеннің жаладан ақталуы қате емес, Қазақстан партия ұйымынан жеке басын жырып алып, басқаларды жалған белсенділер қатарында қалдыруы қате. Бұдан Сәкен Қазақстан коммунистерінің ішінде өзінен басқаның бәрін жалған белсенділер қатарына әдейі қойды деген ой, әрине, тұмауы керек. Бұл ескі басшылықтың ауыл шаруашылығында істеген қателерін, оның себептерін талдап,

ашалап алмаудан және катені пайдаланып, зиянкестік іс жүргізген жалған белсенділердің кейінін дәлдеп көрсете білмеуден еріксіз шыққан объективті қате.

Ал, енді дастанның көркемдік кемшіліктері де осыған тығыз байланысты. Нақты адам бейнесі айқын көрінбеген жерде, адамның ішкі мінез-құлқы терен ашылмаған жерде көркем өнер шығармасының құны кеми бермек. «Қызыл атта» осы жағынан олқылық туғызарлық кемшіліктер бар. Акын мен аттын диалог сөзіне құрылған дастанда адамның ішкі дүниесі терен көрінбейді. Сырттап топшылау, жалпылама ұйғарым сөздер басымырақ. Сондықтан да шындықтың нақты суретінен гөрі, үгіттік сарындағы уәжді сөздермен мінездемелер көбірек орын алған. Әрине, тәжірибелі акында орынды айтылған ойлар, табылып айтылған татымды сөздер, көрікті өлең шумақтары аз емес. Әйткенмен, тұтас алғанда дастанның образдық жүйесі тар, шолақ. Сол себепті мұнан алатын эстетикалық әсер де шағын.

Ендеше «Қызыл ат» несімен қызықты, нендей қасиетімен тартымды деген бастапқы сұраққа қайта оралайық. Бұл жөнінде жоғарыда айтылған ойды түйсе жеткілікті. Сәкен Сейфуллин дастанында партияға ілесе, үн қоса, өлке өміріндегі үлкен жанды мәселені көтерді, жедел және батыл көтерді.

Күні кеше, Голощекин тұсында, қате-кемшілік туралы ештеңе айтуға болмайтын еді ғой. Күрессіз, қиындықсыз, бөгетсіз, мінсіз — бәрі бірдей жып-жылтыр, жып-жылмағай өтіп жатқан сияқты, жоспар да өзінен өзі орындалып, тап дұшпаны да оп-оңай жеңіліп, қалың жұртшылық та теп-тез колхоз бола қалып, жеп-жеңіл ескіліктің қалдығынан арыла қойған сықылды. 1930 жыл мен 1933 жыл арасында жазылған көптеген қазақ әдебиеті шығармаларында осы сарын, осы салдар деген болатын. Өмірдегі қайшылық көріне бермейтін.

Өткен жылы 17 сентябрьде Орталық Комитет қаулы алып, мал шаруашылығында орын тепкен орасан олқылықты көрсеткеннен кейін, өлкелік комитеттің жана басшылығы кешегі қателіктерді жөндеуге жұмыла кірісіп өзара сынды өрістеткен кезде әдебиетте алғаш осы маңызды партия шараларын қолдаған Сәкен болды, ол шындықтағы қайшылықты ашып көрсетуге тырысты. Қателік болған жерде тап дұшпанының бел алатыны, ал жалған белсенділік сол дұшпандықтың бір түрі екен-



Бірақ та кешілмейтін ауыр күнам...  
Бақылап жүре алмадым досым сені,—

деп жауап береді. Анау — сұрауы, мынау — жауабы. Сүйтіп, Сәкеннің сұрау қоюдағы, ақынға кінә тағудағы мақсаты, бірінші жағынан, мал шаруашылығының ойсырауына үкіметтің, партияның жалпы жолы Орталық Комитеттің кінәлі емес Қазақстан көлеміндегі ескі басылықтан бастап, ақынның және сол сықылды жеке коммунистердің бақылап жүре алмауы ауыл шаруашылығының халін нақты білмей, сырттан кетуі кінәлі екенін түсіндіргісі келеді; екінші жағынан, аэропланды, отарба, тракторды жырлаудың да қажет болғанын, оларды жырлауға жағдай туғанын ескертеді. Бірақ, мал шаруашылығына назардың бәсеңдеуіне аэроплан, отарба кінәлі емес, машинаны жырлаумен бірге Қызыл атты жырламаған ақынның кешірілмейтін ауыр кінәсі екенін ұғындырады. Өйткені, индустрияға бет бұрған жағдай атты (малды), жалпы ауыл шаруашылығын түкке керексіз етіп тастаған жоқ, мұратқа жету жолында машина да, ат та, егіс те керек еді.

Көкке ұшпай асқар таудан өту қиын,  
Отарба, автомобиль, тракторсыз  
Мұратқа алыстағы жету қиын,  
Бұл жолда ас та керек, ат та керек,  
Тағы да неше түрлі зат та керек.  
Өндіре егін салу, әсіресе,  
Бұл тіпті зор мәселе тұрған ерек...

Қызыл аттың арқасын жауыр қылған, колхоздың басқа да тағалы тайын қалдырмай жеп құртқан үкімет те емес, индустрия да емес, ақын да емес, — ол:

Өзгерткен боямалап дұшпан түсін,  
Өзгерткен күресі мен әдіс ісін.  
«Жау қайда» деген үнге үн қосқан боп,  
Қасқырша салған малға қанды тісін.

Міне, ақынның мақсаты деп, идеясы деп осыны айтады. Біздіңше мұнда машина мен атты қарсы қоюшылық жоқ, қайта Троцкийдің индустрия мен ауыл шаруашылығын қайшы қойғысы келген дұшпандық теориясына әдейі қарсы шығады. Партия жолының дұрыстығын дәлелдейді. Қызыл аттың машинаға қарсы емеспін деген сөзін көрместен, әңгіменің жүйесін тағы түсінбестен Сәкен машина мен ауыл шаруашылығын қайшы қойды

дігі дастанда жете көрсетілді. Міне, бұл әдебиетте дағдыдан тыс батылдык, жана бет алыс еді. Сондықтан шындықты үнемі жылтыратып қайшылықсыз көрсетуге әдеттенген Өтепов секілді кейбір әдебиетшілерді «Қызыл ат» үркітіп те алды. Бұл қалай? Мынауы құбыжық емес пе екен?! деген сықылды күдікпен олар байбалам салды. Содан барып талас туды. Талас «Қызыл атқа» көбірек назар аударды.

Социалистік реализм әдісінің биік тұрғысынан қараса «Қызыл аттын» сын тағарлық жері аз емес. Ол туралы айттық та. Бірақ дастанның кемшілігі жұрт шошырлықтай автордың ниетінің бөтендігінде емес, көбіне — көп әдебиеттік жетіспеушіліктерінде, социалистік реализм әдісін ақынның жете игере алмауында — міне, осының нәтижесінде кейбір суреттер, мысалы, Қызыл аттын жүдеулік күйі, шынайы шындық сипаттан гөрі натуралистік сипатпен берілгендігінде.

Социалистік реализм әдісінің көптеген салада, көптеген мүмкіншіліктері мен ерекшеліктері бар. Соларды біз іс жүзінде, жазу тәжірибесінде, әсіресе поэма жанрында меңгеріп кете алмай жатырмыз. Бұл мәселе әлі көп ізденуді, ұқыпты еңбек етуді, төзімді творчестволық тәжірибені керек қылады. Әсіресе өмір құбылыстарын жақсы зерттеп, дұрыс ұғыну қажет.

Жана колхоз өмірінің құбылыстарын Сәкеннің терең білмейтіндігі дастан бейнелерінің шағындығы мен реңсіздігінің негізгі себебі ғой дейміз. «Советстан» мен «Альбатрос» тың авторы «Қызыл атта» жана маңызды тақырыпты ауыл шаруашылығының ең жанды мәселесін дер кезінде көтере отырып, алдына қойған мақсатын көңілдегідей орындап шыға алмаған өйткені жазушының дұрыс идеясы бұл жерде көркемдік жағынан кемеліне келген шын мағнасындағы реалистік шығарманың желісін тарта алмаған.

Алайда «Қызыл ат» дастаны осындай кемшіліктері бола тұра, казак совет әдебиетінде жана колхоз тақырыбына жазылмақ болашақ шығармалардың құнды бастамасы болып орын алатынында күмән жоқ.

1933

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТ СЫНЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

(Қазақ Совет жазушыларының I-пленумында  
жасаған баяндамасы)

«Сынның дәрежесі—жалпы әдебиеттік білімнің дәрежесін көрсетеді» — дейді Пушкин. Бұл әрі түсінікті, әрі терен пікір! Бұдан не байқалады? Бұдан, бірінші, сын әдебиеттен іргесі аулақ, өз алдына дүние емес, күйі де, жайы да әдебиетпен байланысты екені, екінші, сын әдебиеттің өсіп-өркендеуінің үлкен, негізгі шартының бірі екені байқалады. Сондықтан да сын дәрежесінің қай күйде тұрғандығынан жалпы әдебиеттің бетін тануға болады. Тарихта көркем өнер мен әдебиеттің қай кезеңін алсаңыз да осыны көресіз. Қашан да болса өскелең әдебиет өзінің биік көркемдік мұнарасына сай биік теория, эстетика, сын белгісін қалдырып келген. Ерте замандағы Гректің зәулім классиктік көркем өнері Аристотельдің өшпес «поэтикасын» қалдырды. Францияда XVII ғасырдағы дәуірлеген классицизм заманы Буалоның «поэтикалық искусствосын» жаздырды, XVII ғасырда әдебиеттегі жаңа арынды буржуазия-демократиялық ағым әрі жазушы, әрі сыншы, әрі қисыншы етіп Францияда Дидроны, Германияда Лессингті туғызды, орыс әдебиетінің Пушкин, Гоголь дәуірі Белинский, Чернышевский, Добролюбов сықылды сынның алыптарын туғызды. Мысалдарға айта берсе сан жетпейді. Қорытып, жаңғыртып айтсақ: жалаң жерде, әдебиет жоқ жерде, құрғақ қисынға сүйенген сын—сын болып жарытпайды. Толықсыған әдебиеттің бай материалына тиянақталып, қисынды, заңды, әдісті сынның үлгілерінен тудырып жасаған сын ғана негізді, іргелі сын болады. Сынның дәрежесіне қарай әдебиеттің дәрежесін білуге болады дейтін

себебі осы Пушкиннің. Сын әдебиеттің сыйқын көрсететін құр айнасы, яки соның не барын тіркеп қана отыратын «есеп кітабы» емес. Егер сын шын пайдалы, жанды, әсерлі сын болса, ол қашанда көркем әдебиеттің белгілі бір кезеңінің нәтижесі бола тұра, сол әдебиеттің басындағы барлық құбылыстарын толық зерттеп, терең түсіну арқылы оның алдын болжайды, жөн сілтейді, әдебиет қозғалысына дем береді, көтермелейді, жетектейді. Сөйтіп әдебиеттің болған, бар жағдайының туындысы болумен бірге, өзі сол әдебиеттің жаңа жағдайда өсуіне әрекет жасайды, құрал болады.

1824 жылы жас Пушкин «Біздің шамалы болса да әдебиетіміз бар да, бірақ сынымыз жоқ» десе, артынша осы «шамалы» әдебиетке лайық Полевой, Надеждин сықылды сыншылар шыға бастады. «Шамалы» әдебиеттің төбесіне шалқып Пушкин күнінің шыққаны сол-ақ екен, артынша іле Белинский шықты. Белинский Пушкин дәуірінен туып, Пушкинге дейінгі, Пушкин тұсындағы әдебиет құбылысын ішті-тысты ұғынып, одан түйінді қортындылар шығарып, әдебиетті тағы да жаңа сатыға көтеруге бас болды. Белинский сынының мұндай күшін, мұндай ерекше қасиетін Чернышевский «Орыс әдебиетіндегі Гоголь дәуірінің очеркілері» деген еңбегінде ашып дәлелдеген. Белинский сынының әдебиеттің әрмен қарай өрістеуіне еткен әсерінің тіптен күшті болғаны емес пе, әрі-беріден соң Белинскийді Чернышевский Гоголь дәуірінің басшысы деген.

Нағыз ғылыми сынның кейде көмекші ғана емес, әдебиетті белгілі бір нысанаға жетелейтін көсемше болып кететін кездері, әдебиет сынының тарихында көп ұшырайды. Мінеки, жолдастар, сынның тарихта туатын жағдайлары мен әдебиеттегі ролі осы сықылды боп келеді.

Енді осы ретпен отырып, біздің қазақ әдебиетіндегі сынның нақты туу жағдайлары мен өсу жолдарына аздап көз жіберсек — аса қиын, айыра алмайтын шымшытырық, ештеңе жоқ сияқты, сын түгіл әдебиеттің өзінің тарихы бізде келте, барлығы алақанда тәрізді көрінеді. Революцияға дейін «сын жоқ болды, әдебиетіміз жас болды» десек, осы қысқа формулаға барлық баға сиятын шамасы бар. Бірақ әңгіме формулада емес қой. Соңғы жылдарға дейін әдебиет ұйымының басшылығында келген кейбір жолдастар баяндама, мақалаларында қазіргі өскендігімізді дәлелдеу үшін революцияға дейін

әдебиеттің өзі болған жоқ деп келеді. Бірақ, мұндай үзілді-кесілді «жок» деп өткенге топырақ лактырудан пайдалы іс шықпайтынына қазір бәріміздің де көзіміз жеткен секілді. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, әдеби мұраны дұрыс менгеру мәселелері қазіргі ірі міндеттерімізден саналатыны даусыз. Сұрыпталған бай әдебиет болмағанмен, Пушкин айтқандай, «шамалы» әдебиет бізде де болған көрінеді. Халық жасаған бай фольклорымыз бар екен, тарихи, революцияшыл жырларымыз бар екен, Абайымыз бар екен, тағы-тағы ірілі-кішілі, жақсылы-жаманды жазушылар болған екен. Осыларды біліп, түсініп, дұрыс баға беру—мұра есебінде пайдалану ісін ғана емес, әдебиетіміздің қазіргі күйін ашық көруге қажет болып отыр. Жалпы социалистік мәдениет бізге көктен түскен жоқ деген Ленин, сондай-ақ қазақтың совет әдебиеті де көктен түскен жоқ. Ол өткендегі мәдениеттің заңды жолымен дамып кеп шыққан жаңа биік басқышы болса, қазіргіде өткеннің кейбір ұрық-дәні болу керек қой. Ендеше, осы дәндерді ашу, ұғыну, қазіргі әдебиет үлгілерімен тамырлас жақтарын көрсету алдымен совет сыншыларының, әдебиетшілерінің міндеті және бұл қазіргі бір олқы жеріміз. Осы осал жерімізді пайдаланып, ұлтшылдардың өткендегі халық творчествосына кір жағып, бізге құбыжық етіп, тонын айналдырып көрсетуге әрекет жасаулары туралы, әдебиеттің тарихы жөніндегі және мұраны пайдалану жөніндегі сынның міндеті туралы дәл бұл жерде сөз қозғайық деп отырғанымыз жоқ. Әшейін атүсті ауызға түсіп кетіп жатыр-ау. Айтайық дегеніміз бұл емес, осымен байланысты біздің сынның өткен бағыттары туралы. Қайталайық, әңгіме «революцияға дейін сын болған жоқ, революциядан бергі сынымыз нашар болып келеді» деген пайда-сыз формуламен шешілмейді. Рас, сынның бұрын болмағаны, ендігісі нашар екені тіпті дұрыс-ақ. Бірақ бұл жалпы сөз. Сын жоқ, сын нашар дегеннен сынның жақсарып кеткені де шамалы көрінеді. Бір қызық нәрсе—осының салдары болу керек: пленумда сын жұмысының міндеттері туралы баяндама қойылады дегенде басы Ғаббас Тоғжанов жолдас болып, кейбір аты бар сыншыларымыздың өзі: «ау, ол баяндамада не айтылады, сынның кемшілігі, міндеті осы айтылып жүрген жоқ па, белгілі емес пе?» — деп төбе шашы тік тұрды. Бұл, әрине, сыншыларымыздың сын туралы әлгі түрде жалпы-



лап сөйлей-сөйлей, акырында сол сөздерінен нәтиже көре алмай ығыр болып, мойнына су кетуге айналуының керек құлак болуының белгісі. Екінші, бұл көзқарас кейбір дүмше сыншылардың сынның қазіргі міндетін тіпті түсінуден қалып, өздерінің анда-санда, «сәт түскен» мезгілде жазатын балдыр-батпақтарына мәз болып, осы дағдыға бойы үйренген дерттің салқыны. Біздің енді әдебиет сынының нашарлығы, кемшілігі туралы ақ-құла айқайлаудан іске көшетін кезіміз жетті. Іске көшу деген—жана ұлы асудағы, ұлы дәуірдегі жаңа тілектерден туатын ұлы міндеттерді дұрыс танып, дұрыс жүзеге асыру деген сөз; ол үшін ең алдымен қазақ әдебиетіндегі сын жұмысының бүгінге дейінгі хал-жайын талдап, маркстік ғылыми тұрғымен қарап, партия көрсеткен үлгі бойынша большевиктік өзара сынның талқысына салуымыз керек. Өткенімізді дұрыс бағалап, өзара сын арқылы әдебиеттегі, сындағы қателік-кемшіліктердің түп-тамыры болып келген ұлтшылдық, жікшілдік, надандық, саяси бейқамдықпен байланысты пасық, зиянды кертартпалық және тағы басқа бәле-батрандардың лайын аршуға қатты жұмыла кіріссек—жана міндеттерді орындаудың ең бірінші шарты болар еді дейміз. Сынның міндеті туралы баяндамада бұл айтқандарды тегісқамту, әрине, мүмкін емес. Сондықтан ол бүкіл пленумының, бәріміздің алдымызда тұрған ірі міндеттеріміз ғой деп түсінем.

#### Сын алғаш туа бастаған кезде

Біздің әдебиетіміз жас десек, сынымыз тіпті жас. Сондықтан біз сөзімізді сын жұмысының бізде ә деп бой көрсеткен кезінен бастасақ—алыс тарихқа кеткен болмаймыз. Қазақ әдебиетінде сынның белгілі бір орын алуға ұмтылуы тек Совет үкіметі тұсында, айналасы осы он, он бес жылдың ішінде. Октябрьге дейін бізде сын атаулының болмауы тіпті заңды нәрсе. Жазба әдебиеттің іргесін қалаған, қазақ поэзиясының классигі болған Абайдың өзін алсаңыз—оның тұсында сын былай тұрсын, акынның көзі тірісінде бір кітабы шықпағанын білеміз. Баспа орындары, әдебиет ортасы жоқ жерде сын қайдан болсын! Дегенмен, дәл осы жерде бір ескеретін тамаша нәрсе мынау: Абай соның өзінде сынның, былайша айтқанда, әдебиет туралы пікір болуының қа:

жеттігін білген. «Сөзін тындатып ұқтыра алмай» «жалғыз үйде күнренген» Абай өз өлеңінің болашақ тағдыры туралы сене карап, ең болмаса «жылай, жылай» өлгенде «арттағыға» сөз қалсын, сөзін ойланып, толғанып «кім таныса сол алсын» деп өлеңін күйттеумен бірге, сол өлеңнің қисыны, заңы боларлықтай пікір де айтқан. Өлең туралы жазған өлеңдерінде ақын жана поэзияның қасиеттерін сипаттаумен қатар, өзінен бұрынғы ақындарды сынға да алып отырған. Бір өлеңінде «мал үшін тілін безеп, жанын жалдаған» және «көр-жерді жоқтан қармап өлең қылған» надан ақындарға мін тағып келіп, тағы бір өлеңінде:

«Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау  
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау.  
Әттең, дүние-ай, сөз ұғар кісі болса,  
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау»,—

дейді.

Мінді көріп, сынды көтеретін сөз таныр ортаның жоқтығына Абай қайғырады. Бұл жөнінде өзінің арманын айтады. Бұдан біз қазақ әдебиетінің Абай дәуірінде сынға деген тілектің болып, сынның өрістеуіне жағдайдың болмағанын көреміз. Ал, енді әдебиетіміздің осы тілегін кейінгі ұлтшыл әдебиетшілер қолға алды ма? Жоқ, алған жоқ. Бірнеше жыл шыққан «Қазақ» газеті мен «Айкап» журналында әлдеқалай шыққан бірлі-жарым сұйық мақаласымақтардан басқа түк таппайсыз. Мұнда да Абай шығармалары мен халық творчествосы туралы сөз бола қалса, олардың терең мәнін, халықтық сырын бүркемелеп, жұртқа танытқысы келмей, өлеңнің «ұйқасы жақсы» деген сияқты сөздермен жалаң сипап өте шыққанын көреміз. Абайлап қараған кісіге Абайды «мақтауы» Абайды мақтау емес, өздерін мақтау болып шығады да, сосын олары Абайға кір жағу, ақынның атағын өздерінің тар, саяз көлеміне бейімдеу боп состиып тұрады. Сөйтіп, әдебиетті халық мақсатына жуықтатарлықтай, қазақ әдебиетін Абай жеткізген жерден ілгері бастырарлықтай ұлтшылдар да жетекші, ашық-жарқын пікір болмаған соң, Октябрь алдында жібі түзу сын да болған жоқ. Абай аңсаған, Абай бастаған сынның элементтері кері кеткен байшыл-ұлтшылдардың батпағына ұшырап, өркендей алмады. Міне, революцияға дейін әдебиетіміз сынға сусап келсе де, сынның орын тебе алма-